

## МОДУЛЬ 3. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

**1. № 15. Семинар сабағының тақырыбы.** Ұлы Жібек жолы.

**2. Сабақтың мақсаты мен міндеттері:** Қазақстан аумағындағы ІХ-ХІІ ғасырлардағы мемлекеттер туралы деректерді қарастыру, мемлекеттердің құрылу, даму, ыдырау процесстерін көрсету, феодалдық қатынастардың қалыптасуын аша отырып талдау.

**3. Сабақтың мазмұны:**

*Талқылауға арналған сұрақтар.*

1. Жібек Жолының тармақтары.

2. Ұлы Жібек жолының Сырдария, Жайық, Еділ бойы, Кавказ, Қара теңізге өтетін тармақтарын қай тайпа өз бақылауында ұстаған?

3. Жібек жолының бойындағы ірі ортағасырлық қалалар.

4. Жібек жолымен ең алғашқы сауда байланысы.

**4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар:** интерактивті тақта, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, видеоролик.

**5. Сабақтарды өткізу тәртібі: Дербес жұмысқа арналған тақырыптар**

1. Мал шаруашылығы. Егіншіліктің дамуы.

2. Әлеуметтік топтарға сипаттама.

3. Әскери іс және қару-жарақ.

**Дәрісханада өткізілетін жұмыс:**

Оқытушының алғы сөзі:

Ұлы Жібек жолы ежелгі және орта ғасырлардағы континент аралық жол, ол Еуропа мен Азияны байланыстырған. Еуразияны бөліп Қазақстан аумағын басып өтетін Ұлы Жібек жолының тарихы өте ертеден басталды. Ұлы Жібек жолы - Жерорта теңізі маңындағы батыстық мәдениеті дамыған өркениетті елдерден Қытайға дейін баратын сауда-керуен жолы. Жібек жолымен ең алғашқы сауда байланысы б.з.д. III-II ғасырларда жасалған. Бұл сауда жолының Жібек жолы атануында үлкен мән бар. Себебі алғашқы негізгі тауары жібек (Қытай) болған.

Б.з.д. II ғасырда Ұлы Жібек жолының басты сауда диплома-тиятық жолы ретінде аты шығады. Ұлы Жібек жолы Алтай, Памир, Тянь-Шань, Сырдария, Әмудария жерімен өткен. Ұлы Жібек жолының VI-VII ғасырлардағы ең гүлденген бағыты Қытайдан Жетісу және Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін батыс бағыты. Орта ғасыр саудасындағы ең құнды тауар жібек болған, оның құны алтынмен бағаланған. Жібек жолында Византиялық алтын солид үлкен сұраныста болып, ол халықаралық валюта ретінде кеңінен пайдаланылды. Жібек жолының бойында Тараз, Баласағұн, Бұхара, Самарқан, Сайрам, Сауран, Отырар, Сы-ғанақ, Мерв, Талхиз, Үргеніш, Испиджаб, Шаш, Весидж, Шау-ғар тағы басқа ірі ортағасырлық

қалалар орналасқан. Кейін XIII-XIV ғасырларда Жібек жолының саяси-экономикалық маңызы одан сайын артқан.

#### **6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі:**

1-деңгей. *Пікір алмасу.* Ұлы Жібек жолының VI-VII ғасырлардағы ең гүлденген бағыты Қытайдан Жетісу жіне Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін батыс бағыты Ұлы Жібек жолының VI-VII ғасырлардағы ең гүлденген бағыты Қытайдан Жетісу жіне Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін батыс бағыты.

2-деңгей. *Реферат презентациясы:*

XIII-XIV ғасырларда Жібек жолының саяси-экономикалық маңызы.

3-деңгей. Жібек жолының саяси-экономикалық маңызы.

**7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері:** Жібек жолының тармақтарымен танысып, картаға түсіру. "Жібек жолы сауда жолы ғана емес, көшпелі, отырықшы халықтар мәдениетінің даму, таралу жолы" тақырыбында эссе жазу.

#### **8. Пайдаланылатын әдебиеттер:**

##### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштері.- Алматы, 1990.
2. Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі.- Алматы, 2000.
3. Ақышев К. Отырар келбеті.- Алматы, 1979.
4. Аманжолов А. Түрік филологиясы және жазу тарихы.- Алматы, 1996.
5. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері.- Алматы, 1987.
6. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк.- Алматы, 1969.
8. Әбілғазы. Түрік шежіресі.- Алматы, 1992.
9. Байпақов К., Ерзакович Л. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы, 1971 (орыс тілінде).
10. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан.- Алматы, 1992.9. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.
11. Аманжолов Қ. Түркі халықтарының тарихы. I, II т. А., 2002.
12. Қани М. Қазақтың көне тарихы. А., 1993.
13. Күлтегін. Көне түркі жазба ескерткіші. (көне түркі тілінен аударған М. Жолдасбеков).- Алматы, 1986.
14. Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері.- Алматы, 1995.
15. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі.- Алматы, 1994.

**Қосымша әдебиеттер:**

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., Ғыбитов Т.Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін): Монография. 1-том: Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ
2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.
3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

**WEB-сайттар тізімі:**

1. <http://e-history.kz/kz>
2. [https://vk.com/history\\_qaz](https://vk.com/history_qaz)